

**Сабак тақырыбы:** Адамзаттың ғаламдық мәселелері туралы жалпы түсінік, негізгі ғаламдық мәселелерге шолу

**Оқу мақсаты:**

Жаһандану ұғымы және оның мәселелерін (жаһандық мәселелер, тұрақты даму, экологиялық дағдарыс) шеше білу.

## **Жетістік критерийі:**

### *Білу және түсіну:*

- Жаһандану ұғымын біледі
- Жаһандық мәселелелелердің түрлерін және пайда болу себептерін анықтай алады
- Адам өміріне жаһанданудың қалай әсер ететіндігін түсіндіре алады
- Тұрақты даму концепциясы

*Ғаламдық проблема деп – бүкіл дүние жүзін, бүкіл адамзатты қамтитын, оның қазіргісі мен болашағына қауіп төндіретін және өзінің шешілуіне бірігіп күш жұмсауды, барлық мемлекеттер мен халықтардың біріккен әрекетін талап ететін проблемаларды атайды.*

*«Жаһандану» терминін алғаш ғылымға енгізген (1983 ж.) америкалық Теодор Левитт*

Ғаламдық проблема, қышқыл  
жаңбыр, парникті газдар, озонның  
жұқаруы, ядролық қыс,  
милитаризм, конверсия, ноосфера,  
климаттың жылынуы

**МӘДЕНИ**

**ЭКОНОМИКАЛЫҚ**

**КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ**



**Жаһандану-  
дың  
құрамдас  
бөліктері:**



**ЭТНИКАЛЫҚ**

**аумақтық**

**ақпараттық**

# Ғаламдық проблеманың түрлері:

- Бейбітшілікті сақтау;
- Дүниежүзілік соғысқа жол бермеу;
- Жаппай қарулану (ядролық қалу);
- Экологиялық проблема (озон қабаты, ормандардың қысқаруы);
- Энергетика және шикізат;
- Демографиялық проблема;
- Азық-түлік проблемасы;
- Артта қалушылықты жою проблемасы;
- Дүниежүзілік мұхиттағы ресурстарды пайдалану;



# Жаһандандудың артықшылықтары мен кемшіліктері

## Артықшылықтары:

1. Бәсекелестікті арттырады;
2. Дамуға жаңа мүмкіндіктер п.б.
- 3.
- 4.

## Кемшіліктері:

1. Дамушы елдердің тәуелділігі артады;
2. Бір деңгейде бәсекелестік болмайды;
- 3.
- 4.



# Жаһандануға қарсы қозғалыс ұйымдары

1. **"Destroy IMF"** - Халықаралық валюта қорының жабылуын талап ететін халықаралық ұйым;
2. **"Friends of the Earth"** - желілік экологиялық қауымдастық;
3. **"Transnational"** - Трансұлттық корпорациялармен күрес жүргізіп, олардың жұмысының қаншалықты зиянды екені жайлы ақпарат таратушы халықаралық ұйым;
4. **"Peoples Global Action"** - Бүкіләлемдік сауда ұйымы шеңберінде сауданың либерализациясына қарсы халықаралық ұйым;
5. **"Inpeg"** - әртүрлі ұйымдардың белсенділерінен құралған, наразылық акцияларын даярлаумен айналысатын, жаһандануға қарсылардың ұйымдастырушы комитеті.

# Жаһандандудың адам өміріне әсері

1. Адамның физиологиялық тұрғыдан аз дене қимылы;
2. Проблемаларды шешуде мидың күрделі жұмыс істеуі;
3. Жалқаулық;
- 4.
- 5.
- 6.
- 7.
- 8.
- 9.
- 10.

# ТҰРАҚТЫ ДАМУ КОНЦЕПЦИЯСЫ

*«Тұрақты даму»* термині 1987 жылы БҰҰ үшін жасалған баяндамадан кейін кең таралды. **Тұрақты даму дегеніміз – қазіргі уақыттың қажеттілігін қамтамасыз ете отырып, болашақ ұрпақтардың өзінің қажеттіліктерін қамтамасыз етуіне қауіп туғызбайтын даму.**

*(Брундтланд комиссиясы, БҰҰ, 1987 ж).*

Тұрақты даму табиғи қорларды олардың байлығы мен біртұтастығы толық сақталатындай етіп тиімді пайдалануға бағытталған.



# Тұрақты даму концепциясының негізгі тұжырымдары

1. Адамдар табиғатпен үйлесімді түрде, экологиялық сауаттылық пен салауатты өмір сүру құқығына ие болуы керек;

2. Қоршаған ортаны қорғау қоғамның даму үрдісінің ажырамас бөлігіне айналуы қажет, сондықтан оны жеке-дара қарастыру мүмкін емес;

3. Қоршаған ортаны жақсарту мен сақтау қажеттілігін қазіргі ғана емес, болашақ ұрпақтың алдына қойылатын мақсаты ретінде қарастыру керек;

4. Елдердің даму деңгейлері арасындағы алшақтықты азайту және кедейшілік пен қайыршылықты жою;

5. Елдер тұрақты дамуға қол жеткізу үшін өндіріс пен тұтынудың осы мақсатқа кедергі келтіретін, мәселелерін мүлде пайдаланбауы немесе шектеуі қажет.

Тұрақты даму концепциясы өзара тығыз байланысқан 3 құрамдас бөліктердің басын біріктіреді.

- *Экожүйелерді пайдалану;*
- *Тиімді экономика;*
- *Әділетті қоғам:*

Ал тұрақтылық принциптері бұл 3 құрамдас бөлікті біртұтас жүйе ретінде қарастырады

**Тапсырма №1:** Адамзаттың қажеттілігін қамтамасыз ету мақсатында табиғат ресурстарын тиімді пайдаланып және қоршаған ортаға зиянын мүмкіндігінше аз зиян келтіру мақсатында өз жоспарларыңызды ұсыныңыз:

**1-топ:** атмосфера қорлары;

**2-топ:** биосфера қорлары;

**3-топ:** гидросфера қорлары;

**4-топ:** литосфера қорлары;

# Экологиялық дағдарыс

Қоғам мен табиғат арасындағы қатынастарда карама-қайшылықтың күрт шиеленісуі. Стокгольм (1972), Рио-де-Жанейро (1992) экологиялық конференцияларынан кейін «Экологиялық дағдарыс» ғылыми мәселелердің бірі ретінде ресми түрде танылған. Экологиялық дағдарыс ХХ ғ. ІІ жартысынан бастап күшейе түсті.

Экологиялық дағдарыстан экологиялық апатты ажырата білу керек: дағдарыс адамның белсенді әрекетінен болатын қайтымды күй, апат — қайтымсыз құбылыс

# ТЕРМИНДЕР

**Контомация** — ортаның инертті материалдарға қанығуы;

**Уыттану** - химиялық активті субстанциялармен қанығу;

**Деструкция** — табиғи құрылымдардың бұзылуы;

**Пейоризация** — ландшафт әсемдігінің бұзылуы;



# Қазіргі жағдайда ғаламға қауіпті 3 үрдіс байқалып отыр:

1. Атмосфера құрамының өзгеруі  
(*парниктік әсер*);
2. Ормандардың азаюы (*оттек фабрикасы*);
3. Литосфераның өзгерісі  
(*радиоактивті улану*);

## Тапсырма №2

1. Қазіргі кездегі озон қабатының тесілуі мен жұқаруына әсер етуші факторлар мен алдын-алу шаралары?

2. Жердегі жылыжай әсерінің арту себебі мен оны тұрақты ұстау жолдарын түсіндіріңіз?

3. Қышқыл жаңбырлар қай аймақтарда орын алады, одан қорғанудың әдістері?

4. Жер шарының қай аймақтарында радиоактивті ластанулар орын алуда, одан қорғанудың қандай әдістерін қолдануға болады?

## **Қорытынды сұрақтар:**

1. Жаһандық проблемалардың алдын-алу қаншалықты мүмкін?
2. Жаһандық проблемалардың алдын-алу барысында қандай кері әсерлер болуы мүмкін?
3. Жаһандық проблемалар арасында қаншалықты байланыс бар?

# Үйге тапсырма:

Жаһанданудың географиялық  
аймақтар бойынша таралуында қандай  
ерекшеліктер бар?

# Ядролық державалар картасы

Ядролық қаруды таратпауға қатысты келісім бойынша, ядролық державалар ядролық қаруды 1.01.1967 жылға дейін іске қосқандар саналады.



АҚШ

1945 жылы алғаш рет ядролық қаруды сынақтан өткізген. Ол қаруды басқа ұлтқа қолданған жалғыз ел (Хиросима, Нагасаки қалаларын бомбалаған).



Ұлыбритания

Ядролық қаруды 1952 жылы сынақтан өткізген. Ал сутекті бомбаны 1957 жылы сынақтан өткізген.



Франция

Ядролық қаруды 1960 жылы алғаш рет сынақтан өткізді. Сутегі бомбасын 1968 жылы сынақтан өткізді.



Ресей

КСРО ең алғашқы ядролық қаруды 1949ж-дан 1953 жылға дейін сынақтан өткізді. Ал сутегі бомбасын 1955 жылы сынады.



Қытай

Ядролық сынақты 1964 жылы өткізді. Қытай орта Азиядағы ядролық қаруды жасап, оны сынақтан өткізген ең алғашқы ел.



Ядролық клубқа мүше елдер



Ядролық клубқа мүшелік етпесе де, ядролық қаруы бар елдер



Сарапшылардың пікірінше, соңғы 5-10 жылда ядролық қаруға иелік ететін елдердің қатарына кіретін елдер



Израиль



Пәкістан



Үндістан



КХДР



Иран



Жапония



Канада



Германия



Бразилия



Мысыр



Сауд Арабиясы

Пәкістан - алғашқы ядролық қаруды 25.05.1998 жылы өткізді.

Үндістан - алғашқы ядролық қаруды сынақтан 18.05.1974 жылы өткізді.

КХДР - келісімге қосылды. Бірақ 2003 жылы өзінің ол келісімнен бас тартқанын жариялады.

## **Әлем елдері арасында ядролық қару-жарақтың таралуы туралы**

**АҚШ – 3 500 дана (1-сынақ 1945 жылы жасалған);**

**Ресей – 2 800 дана (1-сынақ 1949 ж. жасалған);**

**Ұлыбритания – 512 дана (1-сынақ 1952 ж. жасалған);**

**Қытай – 400-ден аса дана (1-сынақ 1964 ж. жасалған);**

**Франция – 384 дана (1-сынақ 1960 ж. жасалған);**

**Израиль – 150-200 дана (1-сынақты 1979 ж. жасаған делінеді);**

**Үндістан – 70-120 дана (1-сынақ 1974 ж. жасалған);**

**Пәкстан – 30-90 дана (1-сынақ 1998 ж. жасалған);**

**КХДР – 4-12 дана (1-сынақ 2006 ж. жасалған);**

## Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Жаһандық проблемалардың шығу себептерін анықтаңыз;
2. Жаһандық проблемалар арасында қандай немесе қаншалықты байланыс бар?
3. Жаһандық проблемаларды бірігіп шешу қажеттілігін немен түсіндіруге болады?
4. Жаһандық проблемаларды шешуде қандай әлемдік ұйымдар жұмыс істеуде?
5. Қандай әлемдік проблемаларды шешуде Қазақстан өз үлесін қосуда?